

БАСПАӨЗЕ
ЖАЗЫЛУ

2022



ASTANA

AQSHAMY

АСТАНА

ELORDA.INFO

Ақжанның «Абстракт әлемі»

Астана қаласы әкімдігінің Бірлескен музейлер дирекциясына қарасты Тарихи-мәдени мұраны сақтау және пайдалану орталығында Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, Қазақстан Көркемөнер академиясының корреспондент-мүшесі Ақжан Әлидің «Абстракт әлемі» атты жеке көрмесі ашылды.

Көрменің ашылуына белгілі қылқалам шебері, суретші-монументші, Қазақстанның Көркемөнер академиясының вице-президенті, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Ерлан Айтуаров қатысып, суретшінің шығармашылығы туралы жылы пікірін білдірді.

Ақжан Әлидің негізгі мамандығы филолог. Бейнелеу өнері әлеміне келгеніне де көп болған жоқ. Оған Астана қаласы Суретшілер одағының төрағасы Өмірәлі Исмаилов себеп болды. Ақжан – осы ұйымның арт-менеджері. Төраға жас суретшінің талабын шындады. Ақжанның алғашқы көрмесі өткен күзде елордада өтті. Ал бұл жолы картиналарын жұрт назарына екінші рет шығарып отыр. Оған 30-ға тарта шығармашылық жұмысы қойылды.

Суретші шығармашылығы абстракт әлеміне жақын. Көрмеге сондықтан сондай атау қойылды. Бейнелеу өнері мамандарының пікірінше, оның картиналары негізінен туған жер мен туған халқын бейнелейді.

Жұмыстарында қоршаған ортаның сұлулығын, болмысын, ашықтығын көрсетуге бейім. Ал автордың айтуынша, әрбір картинасы арқылы ол туған өлкеге деген махаббатын көрсетеді. Суретшінің туған жері – табиғаты әсем Ақмола облысының Қорғалжын ауданы.

Аталмыш көрме тамыз айына дейін жалғасады.